

2022 -2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА ОҚЫТУ – ТӘРБИЕЛЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

Балабақшада оқыту –тәрбиелеу процесі Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес ұйымдастырылған. Әр жас аралық топтарда ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін құру және де әр білім беру саласында перспективтік жоспар мазмұнын жасау негізіне стандарт ұсынымдары алынған. Өткізілген жұмыстың, балалардың білім деңгейі, дағдылары мен іскерлігінің сапасы стандарттық даму белгілеріне бағытталып, мониторинг жүргізу кезінде қолданылады.

Мақсаты:

Тәрбиеленушілердің физикалық, интеллектуалдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге оңтайлы жағдайлар жасау.

Міндеттері:

- Сауықтыру технологияларын қолдану арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсарту;
- Жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жан –жақты дамуы үшін жағдай жасауды жалғастыру;
- Инновациялық технологиялар арқылы сөйлеу әрекетін дамытудың формалары мен әдістерін жетілдіру.

Жылдық міндеттерін іске асыру мақсатында 5 педагогикалық кеңес белгіленді және өткізілді.

- мектепке дейінгі жастағы балаларда рухани –патриоттық сезімдеріне тәрбие беруде жұмысты жүйелендіру;

- рухани –патриоттық тәрбиелеу бойынша МДМ тәрбие білім беру үрдісінде жаңа технологияларды қолдану жұмыстарын жоспарлау және іске асыру.

Жұмыс нәтижесінде:

- балабақшада көркем шығармашылықта сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс техникасын қолдану жұмысын жүйелендіру.

2. МДМ тәрбиеленушілерінің денсаулықтарын талдау.

Оқу жыл бойы тәрбиеленушілердің жеке ерекшелігін есепке ала отырып, балалардың физикалық сапасын жетілдіру және денсаулықтарын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Денсаулық –сауықтыру жұмыстары, спорттық іс –шаралар жүйелі түрде жүргізілді; таза ауада балалардың толық шығу тәртібін қолданды; тұмаудың күшеюі кезеңінде иммунитетті нығайту бойынша іс –шаралар жүргізілді. МДМ-гі тәрбиелеу –оқыту процесін ұйымдастыруға және барлық тәртіптік кезеңдерге денсаулық сақтау технологияларын сақтауға ерекше көңіл бөлінді.

Жыл бойы түрлі кенестер жүргізілді, ата –аналармен онлайн жиналыстар, онда балалардың денсаулықтары туралы сұрақтар басым түрде болды, балалармен дұрыс және пайдалы тамақтану сұрақтарын қарастырады, жұқпалы инфекцияны алдын алу бойынша, адам өмірінде спорттың маңыздылығы туралы сауықтыру шараларын үйде қолдану, аса көрнекті қазақ спортшыларымен, спорт түрлерімен таныстыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Туындаған қиыншылықтар: топтың кіші ауданы сабақтың екпіндігін сақтауға қиындық туғызады, жаттығуларды орындау сапасын бақылау мүмкіндігін шектейді. Жалпы осы жылы алынған жұмыс бағыты өзінің нәтижесін берді, балаларда салауатты өмір салты туралы түсініктері бар, физикалық жаттығулармен айналысуға ықыластары қалыптасқан, организмді шынықтыру пайдасы туралы білімдері бар. Тәрбиешілер жұмыстарының қорытындысы болып салауатты өмір салты туралы оқу құралдары, физминутка картотекалары, тыныс алу құралдары, массаж төсеніштері және т.б.

Түйін: Балалардың физикалық дамуының диагностикасы мен білім беру қызметінің талдауы физикалық тәрбие беру жоспарлы және жүйелі түрде жүргізілетінін көрсетті. Оқу жылына жоспарланған барлық сауықтыру шаралары орындалды, санитарлық – гигиеналық дағдыларды бойларына әдеттендіреді, шынықтыру шаралары үнемі қолданылып, қоршаған орта жағдайының үнемі өзгеруіне байланысты балаларды дағдылануына үйретеді. Жалпы емдік –сауықтыру жұмыстары жеткілікті деңгейде жүргізілді.

3.МДМ оқу процесін талдау

Мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу жетістігінің негізгі белгісі, түрлі оқыту түрлерін тиімді қолдану болып табылады. Көбісі тәжірибелі педагогтар болғандықтан 2023 жылғы сәуір айында өткізілген қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметі жақсы деңгейді көрсетілді, әрине жас мамандар теория мен тәжірибе қосылған кезде қиындықтармен кездесті. Педагогтардың мамандық деңгейі қазіргі талаптарға жауап беру керек. Педагогтарға өз білімдерін өздігінен жетілдіру қажет. Педагогтардың ұйымдастырылған қызметтерін бақылау жиыны шығарылды.

4. Ата –аналармен қарым –қатынасты талдау

Тәрбиеленушілердің ата –аналарымен ынтымақтастығы және қызметке белсенді қосылулары педагогикалық ұжымның негізгі міндеті болып табылады. Бүгінгі таңда ата –аналар МДМ жұмыс деңгейін шынайы бағалай алады. Сондықтан балабақша мен ата –аналар арасында тиімді қарым –қатынасты құру үшін, ата –аналардың жеке сұранысын қанағаттандыру дәрежесін анықтау үшін дәстүрлі және дәстүрден тыс серіктестік түрі қолданылды. Оқу жылына қойылған міндеттерге және жылдық жоспарға сәйкес ата –аналардың педагогикалық білімдерін байыту үшін және мектепке дейінгі ұйым мен ата –аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін ат педагогикалық әңгімелесулер, балалар жұмыстарының көрмелері, ақпараттық стендтер, ата –аналар жиналыстары, тақырыптық кеңестер өткізілді.

МДМ жаңадан келген балалардың және кіші топтан ересек топтарына көшкен балалардың бейімделу кезеңінде ата –аналармен тығыз ынтымақтастық байқалды. Барлық топтарда педагогтар мен ата –аналар арасында сенімді, ынтымақтасты қарым –қатынас, ата –аналарға педагогтар көмекші болып табылады, бала туралы жағымды ақпарат беріледі, ата –аналар тәрбиешілермен араласу кезінде баланы тәрбиелеу әдісі туралы керек білімдерін алады, барлық ақпарат балабақшаның сайтында және инстанграм парақшаларында жүктелген.

Түйін: Ата –аналармен қарым –қатынасты талдау жұмыс жыл бойы жүйелі берілген бағытта жүретінін көрсетеді. Ата- аналарға сауалнама жүргізу арқылы тәрбиешілердің басым көпшілігі өз қызметтеріне жоғары баға алды.

Педагогтардың сапалы құрамы:

Барлық педагогтар	Жоғары білім	Арнайы орта білім
37	19	18
100%	51,4%	48,6%

Педагогтардың біліктілік деңгейі:

Мамандандырылған деңгей						
Жоғары %	Бірінші %	Екінші %	Санаты жоқ %	Педагог – модератор %	Педагог – сарапшы %	Педагог – зерттеуші %
9	5	11	13	4	1	2

24,3%	13,5%	29,7%	13,5%	10,8%	2,7%	5,5%
-------	-------	-------	-------	-------	------	------

Білім беру траекториясындағы балалардың құзыреттілік көрсеткіштері.

Білім беру саласы	Даму %	Құзыреттілік деңгейі
Денсаулық	63,3%	Жыл бойы білім беру саласындағы бағдарламалық талап дұрыс шешімін тапты. Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігі ережесін сақтау және балалардың физикалық денсаулығын сақтауға көмек көрсетілді. Келесі іс – шаралар өткізілді: салауатты өмір салтын насихаттауда, балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда, түрлі жағдайда эмоционалды күйінің көрінісін, гигиеналық талаптарды өткізуді бақылау
Коммуникация	57,2%	«Коммуникация» білім беру мемлекеттік тілде өзара әрекеттесуді тұжырымдауда бағдарламаның барлық бөлімдерінде ауызша қарым – қатынастың түрлі құралдары қолданылады; Тілдің грамматикалық және лексикалық элементтерінің талдау қабілетін игеру ойындарда және басқа да қызмет түрлерінде қолдану.
Таным	61,5%	«Таным» білім беру бағдарламасына сәйкес балалардың білім деңгейі біршама көтерілген. Өз мақсаттарына жету үшін ең жақсы жолды тандай отырып, экологиялық білімдерін оқи отырып, себеп –салдар байланысын құру, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын білдіру үшін балалардың дағдылары жасалды.
Шығармашылық	63,2%	«Шығармашылық» білім беру саласында жыл бойы балалар музыка және шығармашылық туралы алған білімдерін халық шығармашылығына және көркем туындысына деген қызығушылықтары байқалды. Көркемдік құралдармен көркемдік құзыреттілікті құру үшін жағдайлар жасалған.
Әлеумет	62,3%	Білім беру орталығының барлық іс - шаралары мәдениет іс –шаралар көмегімен тәрбиенің адамгершілік және әлеуметтік міндеттерінің шешіміне бағытталған. Балалар ҚР тұратын халықтың салт –дәстүрімен танысты. Ойын –сауық орындарында түрлі ұлттарға деген жылы сезімдері мен қарым –қатынастары қалыптасты.

Психологиялық қызмет.

2022-2023 оқу жылына қойылған бағдарлама міндеттерін іске асыру бойынша жұмыстың маңыздылығы балаларда белгілі психологиялық сапасы мен көрсеткіштері және де психологиялық даму және оқуына арналған қолайлы әлеуметтік –психологиялық жағдайлар жасауында. Тұлғаның жеке танымдық саласының жоғары даму деңгейі

Мектепке дейінгі балалардың танымдық процесін дамыту деңгейін бекіту және ерекшеліктерін зерттеу мақсатында барлық жасаралық топтарында психологиялық диагностика өткізілді. Арнайы диагностикалық әдістер пакетінің көмегімен жылдың басында және жылдың соңында келесі психологиялық процестерді үйренді:зейін, ес, ойлау, қиялдау, қабылдау. Жыл бойы арнайы топтың балаларымен ойындар және жаттығуларды қолдана отырып түзету –дамыту сабақтары жүргізілді, және де ПМПК кеңесі берілген болатын.

Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтауға ерекше көңіл бөлінді. Салыстырмалы талдаудан кейін балалардың оқу жылының соңында бастауыш мектептеріне дайындығын көруге болады.

Сонымен қатар жыл бойы түрлі сұрақтармен көбінесе балабақшаға баланың бейімделуі туралы, балалар дамуының жеке тұлғалық ерекшеліктері туралы, түрлі жағдайда балалардың мінезі туралы сұрақтармен келген ата –аналар және педагогтарға жеке кеңестер жүргізілді.

Тұжырым:

Балалармен жұмыс жасауда жаңа технологияларды қолдануда, әсіресе жас мамандарды жаңа технологиялар мен жобалық әдістерді қолдануда ерекше көңіл бөлу қажет.

Жоспар бойынша өткізілген педагогикалық кеңестер тәрбиешілердің шығармашылық қабілеттерін , олардың мамандық деңгейлерін көрсетуге мүмкіндік берді.

Жұмыс барысында психикалық дамуында ауытқуы бар балалар үшін денешынығыру – сауықтыру жұмысының маңыздылығы және бағыты, қабылдау тәсілдерінің құралдары туралы педагогтардың білімдері жүйелендірілген. «Коммуникация», «Шығармашылық», «Таным» үш білім беру салалары бойынша картотекалар және ойындар жүйелендірілді.

Берілген жұмыс бойынша қорытынды:

Педагогтармен осы жылы жүргізілген әдістемелік жұмыс қанағаттанарлық деп табылды. Негізгі мақсат әр педагогтың мүмкіндіктерін және оның шамасын зерттеу болды. Алынған көрсеткіштер педагогтардың кәсіби мамандықтарын, олардың белсенді қызығушылықтарын көтеру жұмыстарын жалғастыру керек. Әр педагог жеткілікті біліктілік деңгейі, педагогикалық ғылым және тәжірибе жетістігінің жұмысын өзінің алдыңғы қатарлы тәжірибесіне енгізу мүмкіндіктері үшін, педагогтардың жеке өсулеріне жағдай жасау керек. Кәсіби дағдыларды құру үшін бағытталған шаралар оқытушылардың біліктілігін көтеруге жәрдемдеседі. Ойын және ақпараттық шараларды қолдануда жас мамандар қиындықтармен кездесті. Білім беру жүйесі техникалық құралдармен жабдықталған.

Тұжырым: жаңа мемлекеттік стандартқа сәйкес әдістемелік шараларды өткізуде жаңа әдістерді іздеуді жалғастыру. Тәжірибе алмасу үшін қарым –қатынастың интерактивті түрлерін көрсете отырып, жоспар түрлерін қалыптастыру. Жаңа технологияларға оқытуда және сабақ беруде сапаны көтеру.

Балалармен келесі бағытта жұмыстар жүргізілді:

1. Балалармен жұмыс жасаудың негізгі бір бағыты –бұл балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау.
2. Балалармен дұрыс жұмыс жасауды құру үшін диагностикалық жұмыс жүргізілді (қыркүйек, қаңтар, мамыр)

3. Ертеңгіліктер, ойын –сауықтар, жұмыс жоспары бойынша, әр мерекеге балалармен тақырыптық сабақтар және шаралар өткізілді. Ең қызықты мерекелер «Халықаралық әйелдер күні», «Наурыз», «1 Мамыр» ертеңгіліктері.
4. Әр топта барлық сала бойынша қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметі білім деңгейінің, тәрбие деңгейінің, жеткілікті дағдыларын дамыту жас ерекшеліктеріне сәйкес екендігін көрсетті.

Тұжырым: Балалармен барлық жұмыс жоспар жұмысына сәйкес жүйеде жүргізіледі.Талдау кезінде баланың өзін –өзі дамытуы үшін қажетті жағдай жасауға көңіл бөлу керек екенін көрсетті. Дамытушы орта, балалармен жұмыс жасауда тиімді әдістерді таңдау, балаларға сараланған тәсілді іске асыру.

Бақылау және басшылық

Оқу жылындағы барлық жүргізілген жұмыс балабақшаның әкімшілігінің жағынан бақылау және басшылық негізінде жүргізілді. Бақылаудың әртүрлі түрлері қолданылды. Таза ауада серуендеуді жүргізу, таңертеңгі жаттығулар мен денешынықтыру сабақтарын өткізуді, кіші топтарда мәдени –гигиеналық дағдыларды бойларына сіңдіруді жеке бақылауға алу, «Топтарда жарақаттанудың алдын алуды» әкімшілік кеңеске алдын ала бақылауға алу.

Оқыту –тәрбие процесін талдауда жалпы 2022 -2023 оқу жылының жұмысы қанағаттанарлық.